# Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



№ 37 (1589)
24 қараша
2015 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады www.kaznu.kz


***Недавно были подведены итоги VIII летней студенческой Универсиады РК, где КазНУ им. аль-Фараби стал абсолютным победителем среди 56 вузов Казахстана.***

## АБСОЛЮТНЫЙ ПОБЕДИТЕЛЬ УНИВЕРСИАДЫ

Соревнования Универсиады проходили в спортивных сооружениях 9 вузов страны, где участвовали 5770 спортсменов из 56 вузов. Победителям были вручены 516 комплектов медалей.

При подсчете баллов среди спортсменов университетов, КазНУ им. аль-Фараби набрал самое большое количество баллов и был объявлен победителем VIII летней Универсиады. Спортсмены лучшего вуза Казахстана приняли участие в соревнованиях в 28 видах спорта. Прошедшие старты показали возросшее мастерство студентов Казахского национального университета им. аль-Фараби, которые по 15 зачетным видам спорта заняли 1 места и обеспечили первое общекомандное место, которое разделили с Евразийским государственным университетом им.

Л.Гумилева. Второе общекомандное место завоевали студенты Южно-Казахстанского государственного университет им. М.Ауэзова. Третье почетное место разделили между собой Таразский государственный университет им. М.Дулати и Семипалатинский государственный медицинский университет.

*Продолжение на 2 стр.*

## ӨНЕРІМЕН ТАМСАНДЫРҒАН ЖАСТАР

***Жақында Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ҚазҰУ Студенттер сенатының ұйымдастыруымен өтетін дәстүрлі «Ана тілі аруы - Жігіт сұлтаны-2015» байқауы өз мәресіне жетті.***

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен «Ана тілі» газетінің бірлескен жобасы болып табылатын дүбірлі байқаудың басты мақсаты ұлттық құндылықтарды ұлықтау, салт-дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызды, мәдениетімізді насихаттау және жастардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, рухани дамуына әсер ету болып табылады.

Екі айға созылған сайыстың алғашқы кезеңіне 400-ге жуық үміткер қатысып, екінші турға олардың 70-і ғана жолдама алған болатын. Ал байқаудың финалына бағы мен бабы қоса шапқан 10 ару, мен 10 жігіт іріктеліп алынды. Атап өтерлігі, ақтық сынға дейін арулардың өз қолдарымен дайындаған ұлттық тағамдарынан аукцимды жәрмеңке өткізу үрдіске айналған. Жиналған қаржы жетімдер үйіне арнайы ұйымдастырылған іс-шараларға жұмсалады.

*Жалғасы 6-бетте*

# ҚАЛА ІШІНДЕГІ БІРЕГЕЙ ҚАЛАШЫҚ

***Халықаралық студенттер күні Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қалашығына келді. Сапар барысында Бауыржан Байбек «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы мен Орта Азияда теңдесі жоқ Әл-Фараби кітапханасын аралады. Сондай-ақ әкім Ө. Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында ЖОО ректорларымен, оқытушы-профессорлық құраммен және қаланың студент жастарымен кездесті.***




Күн тәртібінде Алматы қаласының 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасы талқыланды. Әкім жастар назарына қаланың жақын болашақтағы даму жоспарының негізгі бағыттары мен міндеттері айқындалған жобаны ұсынды.

Бауыржан Байбек өз сөзінде қаланың дамуындағы көптеген мәселелерді көтеріп, инфрақұрылымды, денсаулық сақтау мен қала тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсартуға қатысты ұсыныстарымен бөлісті. Ол мегаполис дамуындағы жастардың рөлін айрықша атап өтті.

«Қаланың даму бағдарламасы жоспарындағы басымдықтар көбіне жастарға бағытталған. Ең алдымен, олар – Алматы қаласының студенттері. Жоғары білім беру және ЖОО түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуде экономиканың инновациялық секторы дамуының атқаратын рөлі зор. Елбасы жастар біздің болашағымыз екендігін үнемі айтып жүреді. «Алматы – 2020» бағдарламасының жемісін де мына Сіздер көретін боласыздар. Бүгінгі жас ұрпақ ертең осы қаланы басқаратын болады және олардың жауапкершілігі зор қала тұрғындарына айналарына сенемін», – деді Бауыржан Байбек.

Сонымен қатар әкім әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да табысты жүзеге асып жатқан «Al-Farabi university – smart city» ғылыми-инновациялық жобасын да ерекше атап өтті.

«Мүмкін, біз осы жобаны қолданатын боламыз. Бұл – қала тұрғындарының пікірін ескере отырып, кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін ақылды қала жоспары. Бұл маңызды жоба және біз оны жүзеге асырамыз», – деді ол.

Іс-шарада әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов сөз алып, әкім бастамаларының дер кезінде көтерілгендігін атап өтті.

«Біз қала әкімдігіне жаңа технологияларға сай ақылды қала жобасын жүзеге асыруға көмектесуге дайынбыз. Мұндай жобаны жүзеге асыру бағытында біздің мол тәжірибеміз бар. Бүгінде біздің жоғары оқу орнымыз – нағыз қала ішіндегі қала, Алматы қаласының ең көрікті жерлерінің бірі. ҚазҰУ қалашығы қаланың ең «жасыл» аймақтарының бірі ретінде танымал. 80 гектардан астам университет аумағында 18 мыңға жуық ағаш отырғызылған. Университетте қажетті инфрақұрылымның бәрі бар және студенттердің оқу, спорт, медицина, демалыс, тұрмыстық және басқа да қажеттіліктерін ескереді», – деді ректор.

«Біз, Бауыржан Байбек ұсынған жобаларды университет аймағында жүзеге асыру үшін беруге және белсенді атсалысуға дайынбыз. Себебі біз қаланың ажырамас бір бөлігіміз және біз де нәтижеге қол жеткізуді көздейміз», – деді Ғ. Мұтанов. Сонымен қатар ол жиынға қатысқан барша университет ұжымы мен студенттерінің «Алматы – 2020» бағдарламасының жүзеге асуын қолдайтындығына сенім білдірді.

Шара барысында студенттік ұйымдардың көшбасшылары баяндама оқып, Алматы қаласын дамытуға арналған ұсыныстарымен бөлісті. Олар Алматыда туризм мен спортты дамытуға арналған жобаларын ұсынды.

Атап өтерлігі, Алматы қаласы әкімдігі мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ арасында белсенді қарым-қатынас орнаған. Жуырда ғана индустриалды-инновациялық даму, сауда-саттық пен орта және шағын бизнес, туризм мен табиғатты пайдалану мәселелерін қадағалайтын Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Әукенов ҚазҰУ-да болып, ғалымдармен және оқытушы профессорлық құраммен кездесті. Ол да өз кезегінде қала әкімдігі мен университет ұжымы болашақта қаланы дамыту мақсатында бірлесіп жұмыс жасайтынына сенім білдірді.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН**

## БҮГІНГІ САНДА:


ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ 2-бет



ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ АДАМЗАТТЫҢ КЕМЕЛДІККЕ ДЕГЕН ҮЗДІКСІЗ ҰМТЫЛЫСЫН БЕЙНЕЛЕЙДІ 4-бет



ОТКРЫЛИ СЕЗОН ПОБЕДОЙ 8-стр.



РЕКТОРАТ

# ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР жетістікке жетелейді

***Күні кеше өткен ректорат отырысында бірінші проректор М.М. Бүркітбаевтың ОПҚ, кафедралар мен факультеттердің индикативті жоспары және рейтинг жүйесі туралы баяндамасы тыңдалды.***




Жиын барысында Мұхамбетқали Мырзабайұлы оқытушы-профессорлар құрамының тәжірибе жинақтау мен шыңдалу мақсатында шетелдік тағылымдамалардан жиі өту қажеттілігін атап көрсетті.

«Бүгінде университетімізде оқытушылардың білім беру деңгейі мен шеберлігін тұрақты арттыруға барынша жағдай жасалуда. Бұл индивидуалдық оқыту жұмысының тиімділігі мен индикативті жоспардың нәтижесін көрсетіп отыр», - дейді бірінші проректор.

Білім берудің жаңа түрлерін дамыту мен жаңашылдыққа басымдық беру арқылы ғана кафедралар мен факультеттердің рейтингісі артатыны сөзсіз.

«Келешегі кемел ел болу үшін, ең әуелі сапаны алдыңғы орынға қоя отырып, нақты мақсатқа негізделген білім жоспарын жүзеге асыруымыз керек», - дейді ол.

Оқытушы-профессорлық құрамның ғылыми зерттеулер жүргізуі - сапалы мамандар даярлауға, оқу процесін, әсіресе, мемлекеттік тілдегі оқулықтармен және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлаудың ұтқыр нысандарын пайдалану керектігі де назардан тыс қалмады. Өйткені, оқу барысында оқытушы-профессорлар мен студенттердің ғылыми жұмыспен айналысуы - қашанда назарға алынып отыратын өзекті мәселелердің бірі. Ғылыми-әдістемелік және танымдық кітапшалар мен нұсқаулар шығару оқытушы-профессорлардың ізденісін білдіретіндіктен, күн тәртібінде өзекті мәселе ретінде қаралған болатын.

Сондай-ақ жиында индикативті жоспарға сәйкес пәндердің оқу-әдістемелік кешені, оқу-әдістемелік кітапшалар дайындау сапасы, сабақтың зертханалық, тәжірибелік, курстық жұмыстардың қажетті әдебиеттермен қамтамасыз етілу керектігі сөз болды.

Білім саясатының ең маңызды факторы инновациялық белсенділік болғандықтан, индикативті жоспар қара шаңырақ ҚазҰУ-дың ғана емес, елдің индустриялды-инновациялық дамуын тездетудің объективті қажеттілігі болып отыр.

Сөз соңына қарай бірінші проректор оқытушы-профессорлар құрамының республикалық және шетелдік басылымдарға жарияланған ғылыми мақалалары мен еңбектерінің Science. kaznu.kz сайтына енгізілетіндігін, сол арқылы жасалып жатқан жұмыстың нәтижесін департамент өз бақылауына алатындығына кеңінен тоқталды.

**Жұлдыз ӘБІЛ**

*Продолжение. Начало на 1 стр.*

# АБСОЛЮТНЫЙ ПОБЕДИТЕЛЬ УНИВЕРСИАДЫ

Следует отметить, что университет КазНУ 4 сезон подряд становится чемпионом среди вузов Казахстана. Такие высокие результаты были достигнуты благодаря проведенной большой подготовительной и организационной работе со стороны тренеров и руководства вуза, что в свою очередь, положительно влияет на имидж не только отдельного вуза, но и на репутацию страны в целом. Как известно, студенты КазНУ - Виктория Зябкина, Никита Филиппов, Светлана Иванчукова и Юлия Рахманова этим летом достигли больших побед и стали чемпионами Всемирной Универсиады, которая прошла в г. Кванджу (Южная Корея). Спортсмены сборной Казахстана выиграли шесть золотых медалей, пять из которых завоевали студенты КазНУ.



Следует отметить, что КазНУ является бессменным лидером студенческого спорта Казахстана и воспитал целую плеяду спортсменов, прославивших Казахстан на международной спортивной арене. Так, например, студенты КазНУ завоевали 4 золотые, две серебряные и три бронзовые медали на XVII летних Азиатских играх в Инчхоне 2014 года. Одиннадцать студентов КазНУ приняли участие в составе сборной страны в Олимпийских играх в Лондоне 2012 г., где студентка Светлана Подобедова выиграла золотую медаль.

Положительная динамика роста массово-оздоровительной, спортивной работы в университетах говорит о том, что в стране складывается система физического воспитания, подготовки спортивного резерва, начиная со спортивных мероприятий в школах, лицеях, которые пополняют ряды студенческого спорта, тем самым усиливают конкурентную борьбу среди Вузов.

Как отметил Генеральный директор Национального научно-практического центра физической культуры МОН РК Бауыржан Рамазанов, проведение VIII летней Универсиады, это мероприятия государственной значимости, которое потребовало не только настойчивости и трудолюбия спортсменов, тренеров, но и большой организационно-методической работы областных органов образования, региональных центров физического воспитания, управлений спорта и туризма, университетов страны и МОН РК.

**ПРЕСС- СЛУЖБА**

ҚЫСҚА-НҰСҚА

**В КазНУ имени аль-Фараби прошел VI Медицинский форум между Республикой Корея и Республикой Казахстан.**

Форум объединил ученых и врачей различных терапевтических специальностей. Целью мероприятия явилось не только повышение уровня знания врачей в различных областях клинической медицины, но и знакомство с междисциплинарными подходами при проведении комплексной терапии заболеваний.

**Kaznu.kz**

***

**Жақында философия және саясаттану факультетінде педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ұйымдастыруымен «Айналаңды нұрландыр» жобасы аясында «Опера — өнер шыңы» тақырыбында Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының солисі Кубиев Фархат Молдағалиұлы мен Абай атындағы Мемлекеттік опера және балет театрының солисі Қанағатов Болат Айкенұлымен кездесу кеші болып өтті.**

Кешке әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 3-курс студенттері атсалысты. Опера өнерінің тарихы баяндалып, қонақтардың өмірбаяндары таныстырылды. Олар жеке ән айтып, студенттермен ойындар да ойнады.

**Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,**
*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті,пед.ғ.к.*

***

**Жуырда филология және әлем тілдері факультетінің Студенттер үйінде шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының ұйымдастыруымен Студенттер күніне орай танымдық шара өтті.**

Шетел филологиясы, қазақ филологиясы, аударма ісі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары студенттері арасында өткен тренинг барысында студенттердің барлығы бірдей рухани ізденісте жүргендерін айтып, өзара тәжірибе алмасты.

**А. КЕНЖЕҚОЖА,**
*1-курс студенті*

***

**Таяуда Қиыр Шығыс кафедрасының корей бөлімі «Корейтану» апталығына орай 1-курс студенттерінің арасында «Мен Корей туралы не білемін?» атты брейнгринг түрінде байқау өткізді.**

Аталмыш шараның қызықты өтуіне корей бөлімінің жоғары курс студенттері көмектесіп, өз үлестерін қосты. Байқау соңында жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтар тапсырылды.

**Kaznu.kz**

***

**На факультете философии и политологии под руководством кафедры педагогики и образовательного менеджмента было проведено антикоррупционное мероприятие в рамках проекта «Al-Farabi university — smart city.**

Несомненно, коррупция является актуальной проблемой в обществе, в том числе и образовании. Мероприятие прошло в дискуссионной форме, многие участники высказали спорные позиции, тем не менее, пришли к единому мнению.

**Магистранты 2 курса специальности «Педагогика и психология»**

**VIII жазғы Универсиаданың қорытындысы бойынша ҚазҰУ жоғары оқу орындары арасында теңдессіз жеңімпаз атанды**

***Философия және саясаттану факультетінде «ҚазҰУ студенті оқуы тиіс 100 кітап» жобасы аясында белгілі ғалым әрі қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің экс-депутаты, экономика ғылымдарының докторы, профессор, академик Оразалы Сәбденмен кездесу өтті. Кездесу барысында академик «Абай және қазақ болашағы» атты тақырыпта көшбасшылық дәріс оқыды.***



# Жастарға берер өнегесі көп

Оразалы Сәбден – саясат, экономика, спорт, философия, өнер, кино, қоғам қайраткерлік сияқты салаларды тең меңгерген бірегей тұлға. Өмір жолын Шымкент қорғасын зауытының инженері қызметінен бастап, Қазақ ССР Ғылым академиясының ғылыми қызметкері, Қазақстан инженерлер қауымдастығының тең төрағасы, «Білім» халықаралық консорциумының төрағасы, Қ.А. Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры, «Қазақстан-АҚШ» талдау және болжау институтының президенті, «Ғалымдар одағы» қоғамдық ұйымының президенті сияқты жауапты қызметтерді атқарды. Қазіргі кезде ол – ҚР БҒМ Экономика институтының директоры. Саясатпен де кәсіби түрде айналысып, сайланбалы органдарда ұзақ жылдар бойы депутат болған. Академик О. Сәбден спорт пен өнерді де шебер меңгерген азамат. Еркін күрестен КСРО спорт шебері ретінде талай спорттық жарыстарда чемпион атанған. Кино өнерінде де өзіндік қолтаңбасы бар: осы заманның өзекті мәселелерін, жастық пен махаббат, отбасылық құндылықтар туралы сыр шертетін «Жаралы сезім» атты көркем фильмнің сценарийін жазып, қоюшы режиссері ретінде халыққа кеңінен танылды. «Жаралы сезім» фильмі сезімді тербеп, талай көрерменді жылатып-қуантты, шүкірге келтіріп, сүйіндірді. Кино байқауларда жүлде алып, көптің көңілінен шықты.

Айта берсек, өмірі өнегеге толы академиктің өмірде қол жеткізген табыстары ұшан-теңіз. Жастарға үлгі боларлық істері де, өсиет етіп айтары да мол академикпен болған кездесу өте қызықты өтті.

Бес жүзден астам ғылыми еңбектің авторы саналатын академик О. Сәбден соңғы жылдары ұлы Абай атамыздың рухани мұраларын зерттеп жүр. Қазіргі әлемдегі орын алып отырған саяси қайшылықтар мен әлеуметтік жанжалдардың, экономикалық дағдарыстардың түп тамырында рухани проблемалар жатқанын айқындап, мұндай проблемаларды шешуде Абайдың философиялық ойларын басшылыққа алуды ұсынады. Академик «Абай және Қазақ болашағы» атты кітабының мәні мен мазмұнын кездесуге қатысқан зиялы қауымға таныстырып, тың ойларын ортаға салды. Абай айтқан «Толық қалыптасқан адам» деңгейіне көтерілу жолдары, «Түркістан» ұлттық мега жобасын жүзеге асырудың маңызы, Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғау туралы идеялары жиналған жұрттың ойында қызығушылық туғызса, бойында ұлттық мақтаныш пен патриоттық рухты жалындатты. Кездесу барысында оқытушы-профессорлар құрамы, докторанттар, магистранттар мен студенттер көкейлерінде жүрген өзекті мәселелер бойынша, атап айтсақ, ұлттық мүдделерді қорғау, жан-жақты даму, экономиканы әртараптандыру, Еуразиялық экономикалық одақтың келешегі, одақтық ортақ валюта туындау мүмкіндігі, ұлттық валютамыз – төл теңгенің тағдыры, жемқорлыққа қарсы күрес, рухани құндылықтарды жаңғырту сияқты сан алуан сұрақтарды қойып, қызу талқылады. Академикпен болған кездесу мәні терең, мазмұны бай, есте қаларлықтай әсерлі болды.

Бұл кездесуге бастама жасаған саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Н.Р. Жотабаев пен саяси ғылымдарының кандидаты Омарғазы Ерғалидың ұйымдастырушылық қызметін ерекше атап өткіміз келеді.

**Г.Ө. НАСИМОВА,**
*саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының меңгерушісі;*
**С.Ш. МҰСАТАЕВ,**
*кафедра профессоры*

***На сегодняшний день профессия библиотекаря почему-то относится к не популярным и мало востребованным профессиям и считается немодной.***

# БИБЛИОТЕКАРЬ И «ОСКАР»

Однако это так кажется только на первый взгляд. Ярким опровержением обладателя статуса «немодной» профессии является мастер своего дела, заслуженный работник культуры и почетный библиотекарь РК, обладательница библиотечного «Оскара» Софья Раева, посвятившая более пятидесяти лет своей жизни любимой профессии.

В «Клубе ученых» библиотеки Аль-Фараби С. Раевой был проведен мастер-класс для сотрудников библиотеки и студентов-библиотекарей, на котором были рассмотрены актуальные вопросы и проблемы современной библиотеки. Мероприятие прошло в форме беседы, в ходе которой Софья Кумаровна поведала аудитории о том: что повлияло на выбор профессии? что помогло ей добиться больших достижений? какими качествами должен обладать современный библиотекарь? как нужно работать с читателями и как может повлиять на жизни людей библиотекарь и книга?

В эпоху перемен и всеобщего научно-технического прогресса такие встречи с неординарными и талантливыми мастерами своего дела являются очень важными и необходимыми. Встреча с С. Раевой, высококлассным специалистом своего дела, в очередной раз показала, что любовь к своей профессии не только приносит успех и благополучие, но и является залогом счастья в жизни.

**Л. РАФКАТОВА,**
*методист библиотеки Аль-Фараби*

# Басты байлық – ДЕНСАУЛЫҚ

***Биология және биотехнология факультетінде «Хронобиология және хрономедицина» орталығының ұйымдастыруымен «Ана денсаулығы - дені сау ұрпақ кепілі» атты іс-шара өтті.***

Шараны биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.д., профессор С.Т. Төлеуханов ашып, жастарға арнап сөз сөйледі. «Ана деген үлкен атқа ие болған әйел затынын өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілігі мол. Ана денсаулығы – бүгінгі заманның көкейтесті мәселелерінің бірі. Қазіргі заманғы қыз-келіншектеріміз «Ана – мақтан, ана – жыр, Ана – бақыт, жанашыр» деген сөздердің құндылығын жоймауына өз үлестерін қосып отыруы керек», – деді ол.

Сондай-ақ жиын барысында медико-профилактика ісі мамандығының 1 және 2-курс студенттері темекі мен алкогольді ішімдіктердің ана мен бала өміріне зияны жайлы, АИВ инфекциясының қауіптілігі туралы баяндама жасады. Саламатты дене мәдениетін арқау еткен шара болашақ аналарға арналған тамаша өлең жолдарымен қорытындыланды.

**Н.Т АБЫЛАЙХАНОВА,**
*Хронобиология және хрономедицина орталығының төрайымы,*
**Г.Ә. ЕСТЕМІРОВА,**
*орталық үйлестірушісі*

# DAAD бағдарламалары

***Жуырда ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультетінде жастарды әлемдік білім кеңістігінде өркендеп жатқан білім және ғылым саласындағы тың өзгерістерден хабардар ету мақсатында Қазақстандағы DAAD (Академиялық алмасудың германдық қызметі) ақпараттық орталығының директоры Михаэл Яуманнмен кездесу өтті.***



Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушылары – Д.А. Қарағойшиева, Л. Мұсалы, Ж.У. Мұқашева, Б. Төрехановалардың ұйымдастыруымен өткен шараға «Шетел филологиясы» және «Аударма ісі» мамандықтарының студенттері мен магистранттары және факультеттегі неміс тілі пәнінің оқытушылары қатысып, орталық ұсынатын шәкіртақылар туралы ақпаратпен танысты. Михаэл Яуманнмен 2015-16 жылдарға арналған шәкіртақы бағдарламалары туралы кеңінен мәлімет берді. Алдымен, студенттерге арналған бағдарламалар: жазғы жоғары оқу орындары курстары шәкіртақысы, студенттік топтарға арналған таныстыру сапары, неміс тілін тереңдетіп оқытатын мектеп бітірушілерге арналған DAAD/PASH бағдарламасы жайлы айтып берді. Сонымен қатар университет бітірушілерге арналған бағдарламалар: барлық мамандарға арналған магистратура бағдарламасы, жас зерттеушілерге арналған ғылыми жұмыс шәкіртақылары (қысқа мерзімге бағытталған ғылыми зерттеулер және PhD), сендвич шәкіртақысына (PhD) тоқталды. Ал ғалымдарға арналған бағдарламалар ішінде ғалымдармен алмасу, DAAD бір жылдық шәкіртақысына қатысушыларға арналған қайта қатысу шәкіртақысы (http://www.daad.kz/kk/14582/index.html) т.б. бар.

Орталық директорының айтуынша, енді қызығушылық танытқандар биылғы жыл емес, келесі жылдың осы уақытына дайындалуға болады. Себебі, құжаттар тапсыру қазан айының аяғы мен қараша айының басына дейін екен. Ал, нәтижесі келер жылдың сәуір айында хабарланады. Құжаттардың да өзіндік қиындығы бар, біріншіден, шетелден қабылдайтын ғалыммен байланыс орнату, шақыру алу деген әрекеттермен бұл ұйым айналыспайды. Сондықтан, шетелдік байланыс орнатуға негізінен жарты жыл да кетіп қалуы әбден ықтимал. Дегенмен, талпынған жетер мұратқа демекші, алдыңызға мақсат қойсаңыз, біз тек алға демекпіз!

**Д.А. ҚАРАҒОЙШИЕВА,**
*шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының оқытушысы, PhD, доцент*

***В день Международного дня студентов аким города Алматы Бауыржан Байбек посетил студенческий городок КазНУ***

Жақыпбек АЛТАЕВ,
Әл-Фараби орталығының директоры,
филос.ғ.д., профессор:

# ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын бейнелейді



**-Сұхбатымызды университет жанындағы Әл-Фараби орталығының мақсат-міндеті, қызметі, тыныс-тіршілігінен бастасақ...**

– Әл-Фараби орталығы туралы айтар болсақ, оның тарихы тереңде жатыр. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің таңымен қазақтың ғылымы мен білімінің қара шаңырағы атанған Қазақ ұлттық университетіне Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 23 қазандағы №626 қаулысына сәйкес Шығыстың ұлы ойшылы, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің есімі берілді. Ал 1993 жылдың 1 қаңтарында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты республикалық ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік орталық ашылды. Орталық жұмысын үйлестіру және көмек көрсету мақсатында Ә.Б.Дербісәлі, А.Қ. Көбесов, М.С. Бурабаев, Ө.Н. Күмісбаев, А.Х. Қасымжанов, А.Қ. Қасабек, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.А. Алтаев сынды университет ғалымдарынан тұратын кеңес құрылды.

Орталықты отандық фарабитанудың негізін қалаушылардың бірі профессор А.Х. Қасымжанов басқарды. Өйткені бұған дейін ұстаздың фарабитануда жеткен тәжірибесі мол еді. Ғалымның басқаруындағы сегіз жыл ішінде орталық әл-Фараби және қазақ халқының мұраларына байланысты көптеген ғылыми кітаптар мен мақалалар дайындап, жарыққа шығарды, алыс-жақын шет ел конференцияларында баяндамалар жасалды, халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

1997 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Әл-Фараби мұрасы және қазақ халқының рухани мәдениеті» атты жалпыуниверситеттік жаңа курс енгізілді. Қазіргі таңда бұл курс жаңартылып, «Әл-Фараби және қазіргі заман» атты тақырыпта студенттерге оқытылуда.

Айта кетерлік жайт, университет ректоры академик Ғалым Мұтанов мырзаның бастамасымен Әл-Фараби ғылыми-зерттеу орталығы халықаралық Абай клубымен бірлесе отырып, әл-Фараби трактаттарын қайта басып шығару жұмысы жолға қойылды. Бұл еңбектердің қайта оралып, жаңарып бастырылуы жас ұрпақтар үшін Фараби мұраларын танып-білуге үлкен септігін тигізері анық.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдануымен ғылыми зерттеу жұмыстары аясындағы орталықтағы шығармашылық топ Әл-Фараби мұраларын зерттеу бойынша гранттық жобаларды да сәтті жүзеге асыруда.

2014 жылдың 2-12 сәуір аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай тұңғыш «I Халықаралық Фараби оқулары» өтті, бұл дәстүр жыл сайын өзінің жалғасын табуда. Университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанов мырзаның жетекшілігімен ҚазҰУ-да «Al-Farabi university – smart city» атты Қазақстан мен Орталық Азиядағы тұңғыш ғылыми-инновациялық жоба жүзеге асуда. Әл-Фарабидің рухани құндылықтар негізінде құрылған «Қайырымды қала» әлеуметтік идеясы – осы жобаның маңызды рухани-адамгершілік бастау-бұлағы болып табылады.

**–«Әл-Фараби» ғылыми орталығы ғұламаның құнды мұраларын насихаттауда қандай жұмыстар жүргізіп келеді?**

–Әл-Фарабидің еңбектерін насихаттауда көп жұмыстар жасалынып жатыр. Бірінші кезекте айтарымыз, университет ректоры Ғалым Мұтановтың бастамасымен Әл-Фараби еңбектерін насихаттау, кітаптарын заман талабына сай қайта бастырып шығару, мұражай жұмыстарын құру, қалыптастыру жұмыстары бір жүйеге қойылды.

Әл-Фараби орталығы Абай халықаралық клубымен бірлесе отырып, ғұлама еңбектерін қайта зерттеп, тиянақтап, бастырып шығару және соны оқырмандарға жеткізуде үлкен жұмыстар жасауда. Бұл жерде Абай клубының президенті, белгілі жазушы Роллан Сейсенбаев пен орталық мамандарының еңбектерін ерекше атап өтуіміз керек. Негізі әл-Фараби сынды ұлы ғұлама ғалымдардың еңбектерін 5-10 жылда қайта өңдеп, бастырып шығарып отыру – өте дұрыс дүние. Оқырман қауымға осылайша жеткізіліп отырылмаса, ол тіпті естен шығып кетуі де мүмкін. Сол сияқты, өткен жылы университет ректорының қолдауымен Әл-Фарабидің 1145 жылдығы мен ҚазҰУ-дың 80 жылдығына орай ғұламаның біраз еңбектері қайта өңделіп, «Аманат» баспасынан өте сапалы деңгейде «Добродетельный город», «Бақыт туралы кітап», «Книга о музыке», «he book of mind», «Книга об Аль-Фараби», «Книга о разуме» деп аталатын алты кітабы жарық көрді. Бұл кітаптар 1970-1975 жж. белгілі фарабитанушы ғалымдар А. Қасымжанов пен М. Бурабаевтың шығарған кітаптарының мәтіндері негізінде құрастырылды. Университеттің 80 жылдық мерейтойына келген қонақтарға кітаптар арнайы сый ретінде берілді. Айта кетерлігі, кітапқа деген оң, жақсы пікірлер көп болды. Осы алдағы екі жылда тағы да 6-7 томдық кітабын шығару біздің жоспарымызда тұр. Олардың барлығын қазір топтастырып жатырмыз. Ендігі тағы бір мақсат – шет мемлекеттерге барып, қолжазбаларының түпнегізімен танысып, аударып, жарыққа шығару. Әл-Фарабидің біраз қолжазбалары Түркиядағы Сүлейманиа, Баязит, Анкара университеті кітапханасында сақтаулы екен. Іс-сапармен барған жылдары біздер Түркия кітапханаларынан 63-ке жуық араб, түрік тілінде жазылған қолжазбаларының көшірмелерін алып келдік. Қазір сол еңбектердегі мәтіндермен жұмыс жасап жатырмыз. Жұмыстағы бірінші қиыншылық – араб, түрік тілінде еркін аудара алатын ғылыми мамандардың тапшылығы болып отыр. Дегенмен, біз қолымыздан келгенше бұл істі жүзеге асыруға үлкен әрекеттер жасаудамыз.

Әл-Фарабиді әлемдік деңгейде танытуда да іргелі жұмыстар жасалынуда. 2010 жылдың 18 қарашасында Париж қаласындағы ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов және Әл-Фараби орталығының бірлесіп ұйымдастыруымен «Әл-Фараби және европалық өркендеу дәуірі» атты дөңгелек үстел өтті. Бұл жиынға белгілі қазақстандық фарабитанушы ғалымдар да өз үлестерін қосты. Халықаралық дөңгелек үстелге Франция, Сирия, Испания, Әзірбайжан, Швейцария, Сауд Арабиясы, Иран, Италия мемлекеттерінің танымал фарабитанушы ғалымдары қатысты. Аталмыш жиында Фараби еңбектерінің Европалық қайта өрлеу дәуірінің басталуына және әлемдік өркениет пен ғылымның дамуына үлкен ықпал еткендігі кеңінен аталып өтілді.

***- Жалпы елімізде Әл-Фарабиді зерттеу жұмыстары қай кезден басталады?***

– Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фараби мұраларын аудару, зерттеу, насихаттау жұмыстары мен әрекеттері XX ғасырдың 60-70 жылдарынан басталды. Қазақстандық фарабитану, Әл-Фарабидің сан салалы ғылыми-шығармашылығын жан-жақты зерттеп, оны жарыққа шығару Орталық Азия мен Қазақстанға кеңінен танымал ірі ғалым, фарабитанушылар – Ағжан Машани мен Ағын Хайруллаұлы Қасымжановтардың есімімен тікелей байланысты. Сонымен бірге белгілі фарабитанушылар: М. Хайруллаев, И.О. Мухаммед, Б.Я. Ошерович, М. Бурабаев, Е.Д. Харенко, А.К. Көбесов, Б.Г. Гафуров, С. И. Григорян, В.В. Соколов, Ю.Н. Завадовский, А.В. Сагадеев, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Нысанбаев, Ә. Дербісәлиев А.С. Иванов, К.Х. Таджикова секілді белгілі ғалымдар жемісті қызмет етті.

**- Бізді қызықтыратын сұрақ – Әл-Фараби бабамыздың қолжазбалары орталықтың қорында бар ма?**

–Шынын айту керек, біздің орталықта әл-Фарабидің түпнұсқа қолжазбалары жоқ. Өйткені, оның барлығы шет мемлекеттерде ғана сақталып қалған. Бізде тек жоғарыда атап өткеніміздей, Түркия кітапханаларынан алып келінген 63-ке жуық араб, түрік тілінде жазылған қолжазбаларының көшірмелері бар. Қолжазбаларға қол жеткізу – үлкен жұмыс, оған үлкен қаражат, мемлекет тарапынан қолдау керек.

Әл-Фараби қолжазбалары негізінен шет мемлекеттерде, нақтырақ айтар болсақ, Берлин, Братислава, Каир, Калькутта, Лейден, Ленинград, Лондон, Ыстамбұл, Ташкент, Тегеран сынды қалаларда сақтаулы. Ыстамбұлдың Айа София кітапханасында он алты шығармадан тұратын оннан аса қолжазбалары, ал Тегеран кітапханасында он төрт шығармадан тұратын жеті қолжазбасы сақтаулы. Ал №425 (жаңа № 7518) Британ мұражайындағы қолжазба он бір трактаттан тұрады. Санкт-Петербург шығыстану институтында он трактаттан тұратын екі қолжазбасы және Өзбекстан Ғылым академиясы жанындағы Шығыстану институтында он алты шығармадан тұратын «Маджмун расаил аль-Хукама» («Даналар трактаттарының жинағы») да сақтаулы.

Сонымен қатар, әл-Фараби қолжазбаларын Франция, Испания, Германия және т.б. елдердің кітапханаларынан табуға болады.

Өткен ғұламалардың шығармашылығына зейін салып қарасақ, олар өз заманының перзенті ретінде өздері өмір сүрген дәуірдің айқындаушы бейнесі болып табылады. Қазақ даласындағы Отырар жерінде дүниеге келіп, түркілік дүниетанымның мүмкіндігін әлемге паш еткен Әбу Насыр әл-Фараби адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын бейнелейді! Батыс пен Шығыстың өркениетаралық сұхбаттастық идеалына жақындай түсуіне жағдай жасайды.

Әлемнің екінші ұстазы, ұлы жерлесіміз Әл-Фараби еңбектері күні бүгінге дейін маңызын жоғалтқан жоқ. Мұраларының насихатталуы, зерттелуі және оның мемлекет басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары қазіргі жаһандану аясындағы қоғамымыз үшін өте маңызды.

***Сұхбаттасқан,***
**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**




## ҚазҰУ-ға Сиань университетінен делегация келді

# Яркий пример

***На факультете химии и химической технологии прошла презентация 57-го выпуска университетской серии «Өнегелі өмір», посвященной академику АН КазССР Михаилу Усановичу. В книгу вошли архивные материалы, уникальные фотографии, избранные труды ученого, воспоминания соратников и учеников. Она рассчитана как на широкого читателя, так и на работников научно-образовательной сферы и студентов.***

Открывая мероприятие, декан факультета, д. х. н., проф. Е. Онгарбаев отметил: «Михаил Ильич относится к числу знаковых фигур, внесших выдающийся вклад в развитие химической науки и образования Казахстана, является образцом служения Отечеству и народу своей страны. Мы гордимся тем, что около 40 лет он работал на нашем факультете. Уверен, что книга «Михаил Усанович» будет представлять особую ценность, в первую очередь, для молодых читателей».

С особой теплотой и благодарностью своего наставника вспоминали и ученики М. Усановича. В своих выступлениях они говорили о том, что Михаил Ильич был разносторонне образованным человеком высокой культуры, энциклопедистом, интересовался литературой, искусством, музыкой, историей, увлекался филателией, учил своих учеников самостоятельности, критическому отношению к полученным результатам, тщательности эксперимента и достоверности публикуемых данных.

Михаил Ильич Усанович – выдающийся учёный своего времени в области физической химии растворов, теории кислот и оснований, истории химии. Он внёс неоценимый вклад в формирование и развитие фундаментальных принципов теории растворов, стал основоположником нового понимания кислот и оснований и кислотно-основного взаимодействия, его перу принадлежат и труды по истории химии, изданные при его жизни и после.

Созданная им теория упоминается во многих отечественных и зарубежных учебниках и справочниках, вошла в мировую науку как обобщенная теория кислот и оснований М. Усановича, успешно применяется при теоретической интерпретации химических процессов. Сейчас это наиболее прогрессивная и современная научная теория, позволяющая предвидеть новые факты.

За время его многолетней творческой деятельности из его школы вышло более шестидесяти кандидатов наук. Около двадцати из них стали докторами наук и профессорами, а трое избраны действительными членами Академий наук союзных республик СССР.




М. Усанович был блестящим лектором и пропагандистом научных знаний. Его неизменно интересные и содержательные лекции привлекали много слушателей и пользовались большой популярностью. Он неоднократно представлял советских химиков за рубежом на различных конгрессах, конференциях и симпозиумах, был организатором Всесоюзных и Республиканских конференций.

Научная и педагогическая деятельность М. Усановича высоко оценена правительством СССР и химической общественностью Советского Союза. Он награжден тремя орденами Трудового Красного Знамени, медалями, Почетными грамотами Верховных Советов Узбекской и Казахской ССР, удостоен почетных званий заслуженного деятеля УзССР и КазССР. В 1964 году Сенат Потсдамского педагогического института наградил его Почетным Знаком. Он являлся членом ряда Союзных и Республиканских научных Советов, состоял членом Немецкого и Американского химического и электрохимического обществ.

На факультете химии и химической технологии КазНУ, где М. Усанович с 1944 года и до самой своей кончины заведовал кафедрой физической химии и электрохимии, есть аудитория, носящая его имя.

Как известно, биографии людей, послуживших прогрессу человечества, несут в себе огромную воспитательную ценность. Воспоминания о М. Усановиче, звучавшие из уст выступающих, произвели огромное впечатление на студентов.

**А. ТУСУПБЕКОВА,**
*доцент кафедры физической химии, катализа и нефтехимии;*
**Г. СЕЙЛХАНОВА,**
*профессор кафедры физической химии, катализа и нефтехимии*

# Абай шығармашылығына арналды

***Жақында тарих, археология және этнология факультеті, дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы эдвайзерлерінің ұйымдастыруымен №10 Студенттер үйінде «Ұлылардың ұлысы - Абай» атты мәдени іс-шара болып өтті.***




Кешті кафедра меңгерушісі профессор Қ.Т. Жұмағұлов ашып, қазақтың бас ақынының ұлт әдебиеті мен мәдениетіндегі рөліне тоқталды. Мәдени шарада студенттер ақынның қара сөздерін жатқа айтып, шығармаларын, өлеңдерін оқыды. Абайға арнауларын паш етті. Мерекелік шара қызықты әрі тартысты өту үшін студенттер арасында интеллектуалды ойын да ұйымдастырылды. «Ғылым таппай мақтанба», «Өлең сөздің патшасы», «Көңілім әнді ұғады», «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» деп аталатын бөлімдерден тұрған ойынға студенттер белсене қатысты. Олар Абай әлеміне терең бойлап, Абайдың шығармаларымен сусындап өскен ұрпақ екендіктерін көрсетті. Ойын қорытындысы бойынша I орынды – Есжанов Бекболат, II орынды – Мұханбетқали Айбану иеленсе, III орын Жалғасқа бұйырды. Жеңімпаздарға Абай атамыздың бағалы шығармалар жинағы табысталды.

Сонымен қатар кеште студенттер Абайдың «Көзімнің қарасы», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Айттым сәлем, қаламқас» сынды әндерін нақышына келтіріп орындап, зор қошеметке бөленді. 1-курс студенті Қосмырза Жансаянның Абай жолы романынан оқыған монологы көрерменді Абай заманына алып кеткендей әсер қалдырды.

Әрбір қазақ Абайды жете білуі абзал. Абай – қазақта дара туған халық данасы. Жас ұрпақты ұлттық нақышта тәрбиелеуде Абай шығармаларының маңызы зор.

**Т.Н. МУХАЖАНОВА,**
*дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

***Жақында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да публицист-жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Сапар Байжановтың туылғанына 85 жыл толуына орай «Ұлттың ұмытылмас тұлғасы - Сапар Байжановтың шығармашылығы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.***

# Ұлттың ұмытылмас тұлғасы

Конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов ашты. Өз кезегінде ректор қонақтардан С.Байжанов туралы арнайы түсірілген бейне роликке назар аударуды сұрады. «Сапар» атты бұл деректі фильмнің авторы жазушы Сұлтан Оразалы еді. Жазушының дүние есігін ашқан күнінен о дүниелік болғанға дейінгі өмір жолын көрсеткен фильм үшін қонақтар өз ризашылығын білдіріп жатты. Осыдан кейін жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған «Өнегелі өмір» атты кітаптың бейнетаныстырылымы және тұсаукесері өтті. Жаңа кітаптың тұсаукесер рәсімін С. Байжановтың жары әрі жазушы Күләш Бейсенбиева және «Егемен Қазақстан» АҚ президенті Сауытбек Әбдірахманов жасады.

Шараға жазушының көзін көрген достары мен отбасы мүшелері қатысты. Солардың ішінде жазушы әрі журналист Сарбас Ақтаев С. Байжановтың өнегелі өмірін жастарға әңгімелеп берді. Жақсылыққа жаны құмар азаматтың өмір тарихын студент жастар аса тебіреніспен тыңдады. Келесі кезекте жазушының асқан бір адамгершілік, көпшілікке үлгі болар қасиеттерін «Егемен Қазақстан» АҚ президенті Сауытбек Әбдірахманов пен «Қазақ газеттері» ЖШС директоры Жұмабек Кенжалин мырзалар тебірене еске түсірді. Сауытбек Әбдірахманов мырза: «Сапар ағамызға арналған фильмнің атауы тектен-текке «Сапар» деп қойылмаған. Ол Сапардың – өмір сапары.Ол кісінің қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі зор. Өз уақытында біздің мамандығымыздың статусын көтерген осы кісі болатын», – деді. Аталмыш шараға Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дан арнайы келген саясаттану және журналистика факультетінің деканы Қайрат Сақ мырза ЕҰУ-дың ректоры Е.Б.Сыдықовтың арнайы құттықтау қағазы мен сыйлығын жазушының жары Күләш апайға табыс етті. Келесі сөз кезегін алған жазушының жары Күләш Бейсенбиева жазушының адами қасиеттерін әңгімесіне арқау етті. Жазушының жақсылыққа жаны құмар болғаны соншалық, өмірлік ұстанымы да соған саяды. Жазушы әрдайым «Өзгеге бақыт сыйлау, өзге үшін қызмет ету – үлкен бақыт» деген ұстанымда жүріпті.Тіпті Зейнолла Қабдолов өзінің бір сөзінде: «Мен бұл өмірде біреудің жақсылығы үшін балаша қуанатын бір жанды білемін, ол – Сапар», – деген екен.

Шара соңында ректор Ғ.М. Мұтанұлы Күләш Бейсенбиева мен көрнекті ғалымдарды «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 80 жыл» мерекелік медалімен марапаттады.

**Гүлдана ҚАЗТАЙ,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

**Во Дворце студентов имени У.А. Жолдасбекова прошел финальный концерт конкурса «Ана тілі аруы – Жігіт сұлтаны-2015»**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# ӨНЕРІМЕН ТАМСАНДЫРҒАН ЖАСТАР

Биыл да осы игі дәстүр өз жалғасын тауып, жастардың үлкен қолдауымен жүзеге асты. Жігіттер өз кезегінде ұлттық спорт түрлері бойынша сынға түсті. Жоба барысында тек әсемдік пен кербездікке ғана емес, үміткерлердің бойындағы инабаттылық, izеттілік және сол сияқты адами қасиеттер, ұлттық дәстүрлерді білуі назарға алынды.

Сайыста қатысушылар өзін-өзі таныстыру, сұрақ-жауап, өнер сайысы және сән үлгісі сынды бөлімдерде өздерін әр қырынан танытты десек артық айтқандық емес. Аса тартысты өткен кеште «Ана тілі» газетінің бөлім редакторы Дәуіржан Төлебаев, «Қазақстан барысының» күміс медаль иегері Руслан Әбдіразақов, «Brosh» аксессуарлар галереясының директоры Ольга Ким, әнші, композитор Әли Оқапов, Халықаралық дәрежедегі визажист Санди Бексырға, «Inmode» сән галереясының жетекшісі Гүлнұр Булусова, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы жөніндегі департаментінің директоры Меңдігүл Ноғайбаева, «Turkvision 2015» байқауының жеңімпазы, күйші Нұржан Тәжікенов және ҚазҰУ Студенттер сенатының төрағасы Алмас Маратұлынан құралған қазылар алқасы төрелік етті.







Таныстыру сайысынан-ақ қатысушыларымыздың үлкен дайындықпен келгендігі байқалды. Бірі өзін әнмен таныстырса, енді бірі домбыраның сүйемелдеуімен сәлемдесуді жөн көрді. Сұрақ-жауап бөлімінде арулар мен сұлтандар Қазақ хандығының 550 жылдығына, қазақ халқының мәдениетіне, ақындар мен жазушылардың өміріне қатысты арнайы дайындалған сұрақтарға жауап берді. Қатысушыларға «Green Campus», «Айналаңды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Al-Farabi university – smart city» жобалары аясында да сұрақтар қойылды.

«Өнерім – өмірім» деп аталатын үшінші сайыста үміткерлеріміз көрерменді үздік өнерлерімен тамсандырды. Тамылжыған әсем ән мен толғау, күмбірлеген күй, мың бұралған бишілердің үнді, сыған, ретро билері сахнаның көркін қыздырды. Сайыста









суретшілер де, жас ақындар мен актерлік шеберлігі бар жастар да танылып, цирк өнері мен ұлттық аспаптармен сүйемелденген заманауи музыка баршаның көңілінен шықты.

Қонақ ретінде шақырылған қазақ эстрадасының орындаушылары да өз өнерлерімен көрермендерді бір қуантып тастады. Олардың қатарында жүргізушілік тізгінін ұстаған журналистер Асхат Садырбай мен Әния Байоразова да бар. Ал дүйім жұртқа әсем әнін арнауға «Лашын» дуэті, «Арай»,«Сарын» топтары және «Қазақстан дауысы» жобасының финалисі Индира Еділбаева келді.

Байқау қорытындысы бойынша, химия және химиялық технологиялар факультетінің студенті Ақмарал Жалдыбай «Sandi Beksirga аруы» атанды. Ал «Brosh» аксессуарлар галереясының арнайы ұсынған «Brosh аруы» номинациясын физика-техникалық факультетінің аруы Аэлита Қобдабаева иеленді. Жобаға демеушілік көрсетіп отырған серіктестердің бірі Inmode сән орталығы даярлаған «Inmode аруы» номинациясын филология және әлем тілдері факультетінің студенті ҰлданаЖұмаханға Гүлнұр Булусова арнайы табыстады. Жобаның тағы бір серіктесі «Dostik travel» туристік компаниясының ұсынуымен өткізілген SMS дауыс беру байқауының жеңімпазы философия және саясаттану факультетінің аруы Гүлжайна Әнуарбекова Дубайға жолдаманы иеленді. Жүйріктердің жарысында оза шапқан арулар мен сұлтандар арасында III орынды биология және биотехнология факультетінің аруы Ұлжан Жақан мен филология және әлем тілдері факультетінің сұлтаны Қондыбай Медет иеленсе, II орынға экономика және бизнес жоғары мектебінің аруы Айгерім Ермұханбетова мен аталған факультеттің сұлтаны Серік Сүлейменов лайықты деп табылды. Байқаудың I дәрежелі дипломдарымен химия және химиялық технологиялар факультетінің аруы Найля Валиева мен механика-математика факультетінің сұлтаны Жандос Жолекен марапатталды.

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпарды анықтайтын бұл аламан бәйгенің нағыз жеңімпаздары да осы кеште анықталды. Сонымен, «Ана тілі аруы» байқауының бас жүлдесін филология және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті Әсел Жутаева иеленсе, «Жігіт сұлтаны» болып география және табиғатты пайдалану факультетінің 2-курс студенті Дәулет Тоқтар атанды. Бас жүлде иегерлеріне «Ана тілі аруы – Жігіт сұлтаны-2014» байқауының жеңімпаздары Еңлік Әбдіқадыр мен Ақниет Жұбанышев арнайы тәж бен белбеуді салтанатты түрде табыстады. Жеңіс тұғырынан көрінген Әсел мен Дәулет қуаныштарын бөлісіп, өз факультеттері мен университетке, осы жобаны ұйымдастырған ҚазҰУ Студенттер сенатына алғыстарын білдірді.

**Ұлжан ИБРАИМОВА,**
*Студенттік баспасөз орталығы*

**26-27 қарашада журналистика факультетінде «БАҚ мамандарын даярлау бастаулары және жаңа бағыттары» атты конференция өтеді**

# «Путь к знаниям»

***В г. Анталия (Турецкая Республика) проходила VII Международная олимпиада для школьников и студентов. Колледж КазНУ не остался в стороне от этого события. Двое наших студентов приняли активное участие в состязании знаний и заняли призовые места.***




Олимпиада проходит ежегодно с 2009 года, где принимают участие школьники и студенты колледжей из России, Турции, Казахстана, Украины, Беларуси и Европы. Это – интеллектуальный проект, организованный Международной Академией Туризма EDUANT.

Конкурс проводится по таким направлениям, как: математика, русский язык, английский язык, турецкий язык, география, физика, химия, биология. Девизом олимпиады служит «viascientiarum», что в переводе с латыни означает «путь к знаниям», а ее основной задачей является отбор и поиск талантливых ребят, а также привлечение творческой молодежи к фундаментальным научным исследованиям.

Основная задача мероприятия – поддержка активной и талантливой молодежи, обмен идеями, опытом и сотрудничество между школьниками, студентами и преподавателями из разных стран. Не секрет, что такие ребята – национальное достояние, и именно у них есть возможность посещать разные страны, участвовать в международных соревнованиях и поступать без экзаменов в ведущие вузы.

В этой олимпиаде студенты колледжа КазНУ заныли призовые места: Игорь Белянов завоевал второе место по математике, а Еркежан Болатбаева заняла третье место по английскому языку. Эта олимпиада позволила нашим ребятам продемонстрировать свои знания и навыки, развивающие воображение, творческий потенциал и самостоятельное мышление.

**Райхан НУРКАНОВА,**
*директор колледжа,*
*к. пед. наук, доцент*

# Восходящий талант

***Недавно в Алматы была организована олимпиада «Тіл - парасат» на знание казахского языка среди молодежи русской национальности. Целью конкурса была пропаганда государственного языка среди русскоязычной молодежи, развитие лингвистического образования казахстанцев. Участники городских школ и колледжей в возрасте 14-22 лет выполняли задания конкурса, включавшие 3 раздела: представление, эссе (составление диалога с ответами на заданные вопросы), творческий номер. Блестяще себя показала студентка 1 курса факультета философии и политологии специальности «Социальная работа» Галина Дураченко, которая рассказала нам об этом мероприятии.***



**– Галина, каковы Ваши впечатления от конкурса?**

– Конкурс прошел хорошо. Стоит отметить высокий уровень подготовки организаторов. Все этапы конкурса были тщательно продуманы вплоть до его завершения.

**– Были ли у Вас достойные соперники?**

– Я была приятно удивлена тем, что было очень много талантливой молодежи, владеющей государственным языком на высоком уровне.

**– Как давно Вы участвуете в таких конкурсах?**

– Я не первый год участвую в таких конкурсах и считаю, что у меня сложился хороший опыт, поэтому этот конкурс для меня большой сложности не представлял. Думаю, что победы в таких конкурсах будут стартом моей карьеры и я внесу вклад в развитие казахского языка.

**– Какие советы** Вы бы дали нашей молодежи?

– Самым эффективным в изучении государственного языка является художественная литература, которая обогащает язык, расширяет словарный запас, знакомит с историей, традициями и культурой нашей страны.

Г. Дураченко заняла первое место и была награждена дипломом, ценными призами. Теперь она намерена принимать участие в республиканском туре этого конкурса. Пожелаем ей удачи!

*Наргиза МАМЕТБАКИЕВА,*
*студентка 1 курса специальности*
*«Социальная работа»*

# Вы нас мечтою окрылили

***В школе я еще не понимал всю важность предстоящего выбора моей будущей профессии, ведь от этого зависело мое будущее и то, какое место я займу в обществе. И я не ошибся в выборе, поступив в лучший вуз страны - КазНУ им. аль-Фараби. Решением для этого послужил имидж университета и его гарантия качественного образования. Главная задача КазНУ - привить человеку любовь к знаниям и предоставить все условия для осуществления его мечты.***

Сегодня – я магистрант физико-технического факультета специальности «Метрология». Кафедра теплофизики и технической физики располагает материально-технической базой для подготовки лучших специалистов. Выпускники нашей кафедры работают во многих учреждениях нашей республики и имеют только положительные отзывы от своих работодателей. Коллектив кафедры насчитывает в своих рядах 8 докторов наук, 18 кандидатов наук и 8 PhD. Студенты имеют возможность пройти производственную практику в таких компаниях, как: «КазИнМетр», «КазИнСт», «НаЦЭкС», «КАЗЭКСПОАУДИТ» и др. За время практики обучающиеся получают необходимые навыки и компетенции в сфере своей будущей профессиональной деятельности.

От имени всех выпускников факультета 2015 года хочу сказать огромное спасибо за полученные знания и поддержку преподавателям, особенно С. Болегеновой, Ж. Шортанбаевой, М. Исатаеву, О. Федоренко, В. Максимову, О. Лаврищеву, А. Ергалиевой.

**Данияр ГУСМАНОВ,**
*магистрант 1 курса*
*физико-технического факультета*

***Студентка 2 курса специальности «Журналистика» Кымбат Бектай использовала возможность закрепить профессиональные навыки продюсирования и тележиссуры, участвуя подряд в 2-х национальных мегапроектах: «Bala Turkvizyon-2015» («Детское Тюрквидение») и «Turkvizyon».***

# ШКОЛА TV МАСТЕРСТВА




Конкурс «Turkvizyon» был основан два года назад как альтернатива «Евровидению». В 2014 году в конкурсе участвовало более 25 государств. Генеральный информационный партнер национального отбора – АО «Агентство Хабар». Зрители вместе с жюри участвовали в отборе исполнителей посредством смс-голосования.

«На протяжении трех месяцев продюсеры проекта колесили по стране в поисках дарований. 16 финалистов соревновались в Астане и Алматы, на базе Национального центра «Бөбек» проходили мастер-классы по вокалу, актерскому мастерству и танцам. Конкуренция была высокой. По решению жюри, в декабре текущего года в Турции наше государство будет представлять молодежная группа «Орда», – рассказывает К. Бектай.

Со студенческой скамьи участвуя в масштабных проектах, можно многому научиться, внести лепту в дело продвижения казахской музыкальной культуры за пределами страны. Коммуникабельная Кымбат ищет свой стиль и щедро делится познаниями. Возможно, в ближайшем будущем ее мечты воплотятся в жизнь и alma mater еще услышит это имя. Пожелаем ей удачи!

**Бауыржан ЖУМАДИЛОВ,**
*студент 2 курса специальности*
*«Журналистика»;*
**Гюльнар МУКАНОВА,**
*к. и. н., доцент, куратор*






**26 ноября во Дворце студентов имени У.А. Жолдасбекова пройдет итоговый концерт фестиваля студенческой молодежи «Мен жастарға сенемін!»**

# БАЛА БАЛУАННАН АҒА БАЛУАНҒА ДЕЙІН

***Өмір жолы – ізденіске толы. Әрбір адам өмірден өз жолын іздейді. Біз сөз еткелі отырған жан өмірлік жолын спортпен байланыстырған. Ол – спортқа деген қабілеті мен еңбекқорлығының, табандылығының арқасында есімі елге танылған спорт майталмандарының бірі, ҚазҰУ-дың дене шынықтыру және спорт кафедрасының оқытушысы Қойшыманов Файзолла Сәбитұлы.***



Балуандық өнер әрбір қазақтың қара домалақ баласына атаның күші, ананың сүтімен берілетін өнер екені даусыз. Файзолла Сәбитұлы – осы сөзіміздің дұрыстығын айқындай түскен тұлға. Ол Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданына қарасты Жаңатұрмыс ауылында 1972 жылы дүниеге келді. 1980 жылы Зайсан ауданындағы мектеп-интернаттың 1-сыныбына қабылданып, 2-сыныптан бастап аудандық спорт мектебіндегі «еркін күрес» үйірмесіне жазылды. Осылайша, ол өзінің спорттағы алғашқы қадамына аяқ басты.

Міне, сол уақыттан бері бозкілемнен бір табан да алыстаған емес. Еткен еңбек пен төккен тер жылдар өткен сайын өз нәтижесін бере бастады. Облыстық, аудандық чемпионаттар мен турнирлерде топ жарды. 1991 жылы мектепті бітірген соң, Алматы қаласына келіп, үлкен спортка араласа бастады. Осы кезенде ол күрес түрлерінен ұлттық құрама сапына алынды. Сөйтіп, спорттағы ең үлкен жетістіктері – қазақ күресі, самбо, дзюдо күрестерінен ел чемпионы, Азия чемпионы атанды. Файзолла Сәбитұлына күрес түрлерінен «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы берілді.

Спорт майталманы үшін биылғы жылдың орны ерекше. Өйткені туған жері Зайсан ауданындағы өзі оқыған мектептен спортзал ашылып, оған Ф.С. Қойшыманов есімі берілді. Батыр ұлының еңбегін жоғары бағалаған елі оны мақтан тұтады. Бүгінде еліміздің іргелі оқу орны – ҚазҰУ-да балғын балуандарды тәрбиелеп жатқан ұстаз әр жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігінің, ҚазҰУ ректорының алғыс хаттарымен марапатталды. «Әке көрген оқ жонар» демекші, балалары да спорттан алыс емес, қос қызғалдағы қыздары Зәмзагүл мен Ризагүл дзюдо, самбо, қазақ күрестерінен спорт шеберлері. Осындай берекелі тірлік пен адал еңбектің нәтижесі қашанда жас ұрпаққа үлгі болары сөзсіз!

**Ғани АБАЙ,**
*ЭжБЖМ-нің 3-курс студенті*

# ОТКРЫЛИ СЕЗОН ПОБЕДОЙ

***В понедельник в спорткомплексе «Достык» прошло открытие сезона игр по мини-футболу Национальной студенческой лиги. В прошлом году в играх НСЛ участвовали лишь вузы Астаны и Алматы, а нынешнее географическое разнообразие говорит о популяризации спортивного студенческого движения в Казахстане. В этом сезоне принимали участие свыше 30 команд, представляющих вузы Астаны, Алматы, Алматинской области, Караганды и Шымкента.***




На трибуне среди болельщиков присутствовали вице-министр образования и науки РК Т. Балыкбаев, ректор КазНУ им. аль-Фараби Г. Мутанов, а также ректора других вузов-участников.

В матчевой игре команда КазНУ «Арлан» победила команду Назарбаев университета со счетом 3:0. Наша команда отличалась высоким уровнем подготовки, собранностью и сплоченностью. А другая команда КазНУ —команда болельщиков ликовала на трибунах и сопереживала на протяжении всей схватки футболистов. В едином порыве раздавались скандирования студентов КазНУ и звучала барабанная дробь, что действительно производило особое впечатление. Помимо этого, хотелось бы отметить тот факт, что честь открыть эти игры была предоставлена именно команде чирлидеров КазНУ, которая совместно с университетским танцевальным коллективом «Бахыт» зарядила энергией весь зрительский зал и команд-участниц.

После игры мне удалось пообщаться с одним из игроков нашей сборной, который подтвердил, что болельщики, несомненно, поднимали боевой дух «арлановцев», тем самым подвигнув их к такой впечатляющей победе.

Изначально предполагается, что из лучших игроков нынешнего чемпионата будет сформирована студенческая сборная Казахстана, которая в следующем году примет участие в чемпионате мира по мини-футболу среди студентов в Бразилии. И мы верим, что туда, в большинстве своем, обязательно войдут студенты КазНУ.

**А. ЕРНИЯЗОВА,**
*председатель Комитета молодежных организаций*

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

# БІР ШЫНЫАЯҚ СУ ІШІҢІЗ...

***Ұлыбританиялық зерттеушілер аз уақыт ішінде адамның жұмыс істеу қабілетін арттыру және интеллектін жақсартудың қарапайым әдісін тапты.***



Ол үшін бір шыныаяқ су ішу керек. Сараптама бір ғана шыныаяқ су мидың жұмыс істеу қабілетін 14-15 пайызға арттыратынын көрсеткен. Осы теорияны дәлелдеуге тәжірибе жүргізілді. Оған бірнеше ер және әйел адам қатысты. Ғалымдар тәжірибеге қатысу үшін адамдарға өз еркімен келуді сұрады. Қатысушылардың бір тобына таңғы астан кейін бір шыныаяқ су берілсе, екінші топтағыларға су мүлдем берілмеді.

Шығыс Лондон университетінің сайтында газдалмаған су ішкен адамдардың ми белсенділігі артқандығы жазылды. Себебі бірінші топтың нәтижесі екінші топтағылардан әлдеқайда жақсы болған.

Зерттеушілердің пікірінше, аз көлемде су ішу ағзадағы ылғалдылық жетіспеушілік себебінен туатын миға түсетін ауыртпалықты азайтады. Ғалымдар ағзадағы мұндай ылғалдылық адам үшін өте маңызды екенін алға тартты.

# Таяуда елімізде КҮН жылынады

***Таяу күндері елімізде ауа температурасы айтарлықтай көтеріледі. Синоптиктер 24-26 қарашаға арналған ауа райы болжамын жария етті.***

Синоптиктердің мәліметінше, тропосферада орналасқан ауа массасының батыстан-шығысқа қарай көшуі Қазақстанның солтүстік бөлігінде температураның анағұрлым көтерілуіне әкеп соқты. Егер өткен аптада температура нормадан 8-13 градусқа төмен және түнде 30 градус аяз болса, алдағы үш күнде Атлантика аудандарынан ауысатын жылы ауа массалары әсерінен республиканың барлық аумағында температура климаттық нормадан 3-10 градусқа жоғары болады.

Дайындаған,
**Алтын АҚЫНБЕКОВА**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Бас редактор м.а.: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНКЕЛДИЕВА
Тілшілер: Рүстем АБРАЕВ, Жұлдыз ӘБІЛ
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Фототілші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Әйгерім ИМАНҒАЛИЕВА

Газет 1994 жылдың 7 ақпанында Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлігі берілген

МЕКЕНЖАЙЫ:
050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес-Информ" баспаханасында басылды
Тел.:2-93-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана
Тапсырыс №908
● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.